



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

*Тапсырыс беруші: Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда
басқармасы*

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Қағидалардың 29-тармағына сәйкес, қоғамдықты ақпараттандыру мақсатында Оператор мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін интернет-ресурсқа орналастыру туралы мемлекеттік органдардан хабарламалар алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз интернет-ресурсында конкурс туралы хабарландыруды мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды. Сонымен қатар, Оператор азаматтық сектор өкілдерін мемлекеттік емес ұйымдарға гранттар беру жөнінде өткізілетін конкурстар туралы кеңінен ақпараттандыруға ерекше көңіл бөледі.

2025 жылдың «30» маусымында «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі – Оператор) Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасының 2025 жылғы 27 маусымдағы №01-14/31 «2025 жылға үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мемлекеттік гранттар беру конкурсын жариялады. Гранттар саны – жалпы сомасы 20 000,0 мың теңгені құрайтын 2 қысқамерзімді мемлекеттік грант:

1) «Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу» саласына сәйкес «Маңғыстау облысында әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру» басым бағыты бойынша 10 000 000 теңгеге 1 қысқа мерзімді грант;

2) «Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау» саласына сәйкес «Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының алдын алу» басым бағыты бойынша 10 000 000 теңгеге 1 қысқа мерзімді грант.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Тапсырыс берушінің бұйрығымен бекітілген 2 басым бағыт бойынша 2 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Маңғыстау облысында әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру	1	10 000 000 тг.
2	Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының алдын алу	1	10 000 000 тг.

«Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау» саласы бойынша «Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының алдын алу» басым бағыты аясында мемлекеттік грант беру конкурсы конкурсқа қатысуға жіберілген өтінімдердің болмауына байланысты өткізілмеді деп танылды.

Сонымен бірге, 2025 жылғы 20 тамыздағы № 02-08/598 шығыс нөмірлі хабарламаға сәйкес Тапсырыс беруші мемлекеттік грант беру конкурсын қайта жариялау қажеттілігінің жоқ екенін көрсетті.

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 1 грант бойынша 1 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу	Маңғыстау облысында әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру	қысқа мерзімді	«Риза-ана» қоғамдық қоры	17.09.2025 ж. №86

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы» ММ тапсырысымен «Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу» саласы бойынша 1 жобаны жүзеге асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Тапсырыс берушінің бұйрығымен бекітілген 10 000 000 теңгені құрайтын 1 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның

толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Риза-ана» қоғамдық қоры	Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамға қежеттілік	Маңғыстау облыстық және аудандық әкімдіктері	-	-	-

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Жобаларды одан әрі жетілдіруге арналған негізгі ұсынымдар ретінде тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, нәтижелерді тереңірек талдау, сондай-ақ түрлі форматтағы іс-шаралар санын көбейту арқылы аудиторияны кеңейтуді ұсынуға болады. Серіктестік желілерін нығайту және әдістемелік материалдарды алмасу жоба тәжірибесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді. Соңында, жоба нәтижелерін кеңінен насихаттау және оларды бөлісу — болашақтағы ұқсас бастамалардың тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Алынған кері байланыс бойынша қатысушылардың басым көпшілігі өткізілген шараларды пайдалы және сапалы деп бағалады, бұл жобалардың тақырыптық өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды.

Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасының м.а.

Каримова А.Е.

Бас бухгалтер

Ибраева Ш.З.

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Риза-ана» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде): Рамазанова Бибігүл Дүйсеғалиқызы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, Дубский көшесі, 47 үй.

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы: «Маңғыстау облысында әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру» басым бағыты, «Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамға қажеттілік» жобасы.

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету): 17 қыркүйек - 15 желтоқсан аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 000 000 (он миллион) теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Риза-ана» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Маңғыстау облысындағы әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталландыру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. «Әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша оқу іс-шараларын өткізу».

1 іс-шара. Әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша оқу іс шараларын өткізу Ақтауда мен Жаңаөзен – 20 адам Мұнайлы ауданында 30 адам, Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Түпқараған аудандарында – 20 адам.

1-іс-шара. Түпқараған ауданында 23 қыркүйек күні Аманат партиясының конференц залында кәсіпкерлермен кездесу өтті. Қатысушылар саны 20 адам

2-іс-шара. Мұнайлы ауданында 24 қыркүйек күні Мұнайлы аудандық жастар ресурстық орталығында Мұнайлы ауданы кәсіпкерлерімен кездесу екі рет өтті себебі бірінші кездесуге кәсіпкерлер толық келмегендіктен 10 қазан күні екінші рет ұйымдастырылды. Бірінші кездесуге 20 адам, екінші кездесуге 21 адам қатысты.

3 іс-шара Қарақия ауданында 25 қыркүйек күні Қарақия жастар ресурстық орталығында әлеуетті кәсіпкерлермен кездесу өтті. Қатысқан адамдар саны 20 адам.

4 іс-шара 26 қыркүйек күні Жаңаөзен қаласы оқушылар сарайының кіші конференц залында кәсіпкерлермен кездесу өтті қатысқан адамдар саны 20 адам.

5 іс – шара Ақтау қаласында 25 қыркүйек күні сағат 15-00 де әлеуетті кәсіпкерлермен кездесу өтті Кездесуге 20 әлеуетті кәсіпкер қатысты.

6 іс-шара 29 қыркүйек Маңғыстау ауданында Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығының конференц залында 20 әлеуетті кәсіпкерлің қатысуымен оқыту шарасы өтті.

7 іс-шере 30 қыркүйек күні Бейнеу аудандық кітапханасының конференц залында 20 әлеуетті кәсіпкермен оқыту шарасы өтті.

Іс-шара бойынша оқытуға қатысқандар саны 161.

<https://www.facebook.com/share/r/1AWCaJqmFu/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/p/14TR7ijQtCZ/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1DRucgDVJP/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1A347z28dr/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/p/17gqyB5g1z/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1FJor1jzfJ/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1KYxSYAtDv/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1EbsbvAzhp/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1DLZKv7Vmv/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1badJQ277y/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/p/14ULvTn8FG8/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1aHEaZDsmn/?mibextid=wwXlfr>

2-міндет. «Өңірдің қалалары мен аудандарынан 20 әлеуетті әлеуметтік кәсіпкерге оқыту және менторлық қолдау көрсету (кемінде 2 оқыту) сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлік тізіміне ену үшін көмек көрсету және консультациялар беру, құжаттарды дайындау одан әрі сүйемелдеу. (Әлеуетті әлеуметтік кәсіпкерлерден түскен өтініштерді қоса беру)».

1 іс-шара. Өңірдің қалалары мен аудандарынан 20 әлеуетті әлеуметтік кәсіпкерге оқыту және менторлық қолдау көрсету (кемінде 2 оқыту) сондай – ақ әлеуметтік кәсіпкерлік тізіміне ену үшін көмек көрсету және консультациялар беру, құжаттарды дайындау одан әрі сүйемелдеу. (Әлеуетті әлеуметтік кәсіпкерлерден түскен өтініштерді қоса беру).

9 қазан күні Бибігүл Дүйсеғалиқызы «Әлеуметтік кәсіпкерліктің негіздері» және «Жеке бренд қалыптастыру» тақырыптарында оқыту сабақтарын өткізді. Бірінші өткен оқытуға **4 адам**, ал келесі өткен оқытуға **19 адам** қатысты.

Жобаны іске асыру барысында екі консультациялық журнал ашылды:

1. **Бірінші консультация журналы** – реестрге тіркелген әлеуетті кәсіпкерлердің менторлық сабақтар кезінде қойған сұрақтары мен көтерген мәселелерін тіркеуге арналған.
2. **Екінші консультация журналы** – болашақ әлеуетті кәсіпкерлерден қабылданған консультациялар мен сұрақтарды есепке алу үшін жүргізілуде.

Сонымен қатар, жоба барысында **20 жаңа әлеуетті кәсіпкерді** жеке сүйемелдеу жұмыстары атқарылды. Олардың құжаттары дайындалып, тізімге енгізу үшін рәсімделді.

Өз кезегінде, Грант алушы Тапсырыс берушіге 10.12.2025 ж. №79 хатымен 20 жаңа әлеуетті кәсіпкерлердің құжаттарын өткізу бойынша хатын жіберді. Бұл ретте әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі № 140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидасына сәйкес жүргізіледі.

Осыған байланысты, Тапсырыс беруші Операторға 10.12.2025 ж. №02-08-571 арнаулы комиссия Қағиданың 5 – 9-тармақтарында көрсетілген өтініштерді және тиісті құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізу туралы немесе дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізуден бас тарту туралы ұсынымдарды тұжырымдайтынын хабарланды. Жалпы, атқарылған жұмыстар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа кәсіпкерлерді қолдауға және ақпараттық-менгерушілік қолдауды күшейтуге бағытталды. Іс-шара аясында өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде 20 жаңа әлеуметтік кәсіпкерге дейін ұлғайту бойынша құжаттары ұсынылып, тізімге енгізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/17nKVU7PS7/?mibextid=wwXIf>

<https://www.facebook.com/share/r/1H7fZ3CKMm/?mibextid=wwXIf>

<https://www.facebook.com/share/r/1bm3WdxtGU/?mibextid=wwXIf>

<https://www.facebook.com/share/p/1AB1seMBaU/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1BzK83XRSE/?mibextid=wwXIfr>

3-міндет. «Әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы үздік тәжірибелері, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу туралы ақпаратпен жинақ немесе брошюра жасау және тарату».

1 іс-шара. Әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы үздік тәжірибелері, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу туралы ақпаратпен жинақ немесе брошюра жасау және тарату. Басылымдардың жалпы саны қазақ және орыс тілдерінде, түсті форматта 200 данадан кем болмауы тиіс. Акцияны сауда-ойын сауық кешендері, жағалаулар, саябақтар мен скверлер сияқты адамдар көп жиналатын жерлерде өткізуі керек. Әр шараның нәтижесі бойынша әлеуметтік желілерде жариялау үшін фото- және видеоматериалдар (кемінде 5 фотосурет және 1 видео) ұсыну қажет.

1 іс-шара 7 қазан күні сағат 10-00 **Saya Park** ойын сауық орталығында ауқымды акция жасап брошюралар таратылды.

2 іс-шара 7 қазан күні сағат 14-00 Ақтау ойын сауық орталығында акция жасап брошюралар таратылды. Жалпы акция аясында 200 дана брошюра таратылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CBrHhx2fn/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/16W1Q3Poak/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1GMSdm6j9E/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1JT4FnTRmK/?mibextid=wwXIfr>

4-міндет. «Өтеусіз тағылымдамаларды ұйымдастыру арқылы өңірдің үш әлеуметтік кәсіпкерінің Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріндегі әріптестерімен тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету».

1 іс-шара. Өтеусіз тағылымдамаларды ұйымдастыру арқылы өңірдің үш әлеуметтік кәсіпкерінің Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріндегі әріптестерімен тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету. Осы бағыт шеңберінде жылдық есепте әлеуметтік кәсіпкерлердің тәжірибе алмасудан өткен жетістіктерінің нәтижелерін ұсыну қажет.

Жоба аясында ең алдымен Маңғыстау облысында реестрге тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлерден қатысуға өтінім қабылдау жұмыстары жүргізілді. Өтінімдер Google Disk платформасы арқылы қабылданды. Маңғыстау облысы бойынша реестрде **59 әлеуметтік кәсіпкер** тіркелген, олардың ішінен **19 кәсіпкер** жобаға қатысуға өтінім тапсырды. 6 қазан күні Комиссия отырыс болды. Комиссияға мүшелері Ерняязова Асел Маликқызы – Маңғыстау облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының «Кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің» бас маманы. Рамзанова Бибігүл Дүйсеғалиқызы – «Риза-ана» қоғамдық қорының директоры, Султанбаева Меруерт Кулмуратқызы – «Қазақ аналары дәстүрге жол» РҚБ МО Ақтау қаласы филиалының директоры. Жалпы комиссия отырысында 59 әлеуметтік кәсіпкерлердің жетістік тарихына қарап 12 адам туралы сюжет түсірдік, 7 адамды билбордқа шығардық, 3 адамдық Астанаға тағылымдамаға лайықты деп таныдық. Олар □ **Ермағамбетова Қаракөзайым** – «Жарық» балаларға қосымша білім беру орталығы (Бейнеу және Ақтау), **Арыкова Роза** – «Logo Спектор» түзете-дамыту орталығының жетекшісі, **Шахатова Гаухар Нұрланқызы** – «Алақан» балаларға арналған дамыту орталығының негізін қалаушысы Астана қаласына жолдама алды. Тағылымдама 25, 26 қарашада өтті. Олар «Әлеуметтік инновациялық хабқа», «Гарбар групп» жиһаз салонына, Алия Болат өнер-білім орталығына, Күнде кафесіне, Түйме аватерапия орталығына бірінші күні барып, әлеуметтік кәсіпкерлердің тәжірибесімен бөліссе, тағылымдаманың екінші күні Әлеуметтік инноваторлар хабының ішінде Ақжарқын Көздібаева, Гүлмира Пармышевалардан дәріс алды. Тағылымдамаға қатысқан әлеуметтік кәсіпкерлер үлкен тәжірибе жинақтап, алған білімдері мен қорытындылары бойынша есеп берді. Жоба білім алмасу, мотивацияны күшейту, бәсекеге қабілетті әлеуметтік бизнес қалыптастыру бағытында жоғары нәтиже көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/p/1UUJ4KnaxN/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1BovbgZL1F/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1Ak8TxNXGc/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/17wLoniBAA/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1DKb7M5gMH/?mibextid=wwXIfr>

5-міндет. Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттық материалдарды облыстың әр қаласы мен аудан орталығында билбордқа орналастыру.

1 іс-шара. Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттық материалдарды облыстың әр қаласы мен аудан орталығында билбордтарға орналастыру. Билбордтар қалалар мен аудандардың орталық көшелерінде 3 5 ай бойы «А» жағында орналастырылуы тиіс (Ақтау қ, Жанаозен қ.,

Мұнайлы, Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Түпқараған аудандары). Облыс қалалары мен аудандары бойынша орналастыру туралы фото және бейнематериалдарды ұсыну қажет.

Маңғыстау облысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттық материалдарды орналастыруға қатысқан барлық әлеуметтік кәсіпкерлердің ішінен осылар анықталды:

- Түпқараған ауданына «ZER фарм» ЖШС – Зейнеп Ережеова
- Бейнеу ауданы бойынша «ЖК Қырымқұлова» - Қырымқұлова Жұмагүл»
- Мұнайлы ауданы бойынша «ЖК Досжанова С» - Досжанова Сәнім
- Ақтау қаласы бойынша «ЖК Кусаинова» - Құсайынова Толқын
- Жаңаөзен қаласы бойынша – «ЖК Бердібекқызы» - Бердібекқызы Рухия
- Қарақия ауданы бойынша – «ЖК Шұғыла» - Төлесінова Раушан
- Маңғыстау ауданы бойынша – «ЖК Nur-Zhaqut» Жаңбыршина Жақсы аталған әлеуметтік кәсіпкерлер осы елді мекендерде, аудан мен қала орталықтарында билбордқа ілінді.

<https://www.facebook.com/share/p/1JgWMJx1vb/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.instagram.com/reel/DQbtgLWjYLu/?igsh=MTU4bWR1YWEwMDN6OQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DQbtTZljeIB/?igsh=MTc0dWo1OWIwajVxdA==>

<https://www.instagram.com/reel/DQbtK4CjWcU/?igsh=ZDc0cTNscTIyNmh4>

<https://www.instagram.com/reel/DQbs68hDUJA/?igsh=dGJrZmpmMG84dGRs>

<https://www.instagram.com/reel/DQbs02YDVam/?igsh=ZTZ1ODJmM2NpMDdm>

<https://www.instagram.com/reel/DQbsxCuDVPe/?igsh=MXM4aTd4NnJwOGN0eg==>

<https://www.instagram.com/reel/DQbsq3ljZVZ/?igsh=MWZnZGY2dWk1NmIjcA==>

6-міндет. Әлеуметтік кәсіпкерлер мен әлеуметтік кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерліктің бизнесін дамыту саласында оқыту.

1 іс-шара. Әлеуметтік кәсіпкерлер мен әлеуметтік кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерліктің бизнесін дамыту саласында оқыту. Оқу республикалық деңгейдегі спикер мен коучтың қатысуымен жүргізілуі тиіс, ол осы салада 3 жылдан кем емес тәжірибеге ие болуы керек. Бір шара аясында 100-ден кем емес адамды оқыту басымдық болып табылады. Бағдарлама аясында сарапшы жоғары деңгейде тиімді құралдармен бөлісіп, нақты бизнес жағдайларын талқылайтын және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған шешімдерді қалыптастыруға көмектесетін воркшоптар ұйымдастыру қажет. 10 нан кем емес әлеуметтік кәсіпкерлерді қамту қажет. Жылдық есепте воркшоптардан кейін әлеуметтік кәсіпкерлердің жетістіктерінің нәтижелерін, соның ішінде нақты жақсартулар мен енгізілген шешімдердің мысалдарын ұсыну қажет. Өткізу мерзімі: 2025 жылдың 2-ші жартыжылдығы. Шаралар нәтижесінде (оқыту курсынан кемінде 5 фотосурет және 1 видео, сондай-ақ воркшоптардан

5 фотосурет және 1 видео) әлеуметтік желілерде жариялау үшін фото- және видеоматериалдарды ұсыну қажет. Сондай-ақ, қатысушылардың тізімін беру талап етіледі.

14 қараша күні Астана қаласынан арнайы шақырылған әлеуметтік кәсіпкерлік саласының сарапшыларының қатысуымен екі ірі оқыту шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараларға Маңғыстау облысындағы бұрыннан реестрге тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлер де, болашақ әлеуметтік кәсіпкерлер де қатысты. Жалпы қатысушылар саны **100 адамды құрады**.

Алғашқы воркшопты «Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының» Президенті **Пармышова Гүлмира** жүргізді. Тақырыбы – «Әлеуметтік кәсіпкерлік: идеядан әрекетке». Сабақ **сағат 10:00-де** басталып, түске дейін жалғасты. Гүлмира ханым өзінің әлеуметтік кәсіпкерлік жолындағы ең үздік тәжірибелерімен, жетістіктерімен және сәтсіз болған кезеңдерден алған сабақтарымен бөлісті. Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні – миссиясы бар кәсіпкерлік екені түсіндірілді. Сонымен қатар Қазақстандағы және әлемдегі әлеуметтік кәсіпкерлік бағыттары, оның түрлері мен категориялары, әлеуметтік кәсіпкерлерге ұсынылатын және жоспарланып отырған қолдау шаралары, преференциялар туралы жан-жақты ақпарат берілді. Қатысушылар өңірлердегі әлеуметтік кәсіпкерліктің даму ерекшеліктері бойынша сұрақтарына жауап алды.

Сол күннің екінші жартысында, **сағат 14:00-де**, «Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының» мүшесі **Көздібаева Ақжарқын** «Жеке бренд және әлеуметтік желі» тақырыбында кезекті воркшоп өткізді. Оқыту барысында қазіргі әлеуметтік желі дәуіріндегі жеке брендтің рөлі, оның кәсіпкерлікке тигізетін әсері, әлеуметтік желіні тиімді жүргізудің негізгі қағидалары түсіндірілді. Ақжарқын ханым табысты кейстерді мысалға келтіріп, Instagram платформасының әлеуметтік кәсіпкерлерге беретін зор мүмкіндіктерін атап өтті. Сондай-ақ, айфон телефондарын әлеуметтік желіге дұрыс бейімдеу бойынша нақты баптауларды тәжірибе жүзінде көрсетіп берді. Воркшоп қатысушылардың қызығушылығын арттырып, олар тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Екі іс-шара да өте нәтижелі өтті, қатысушылар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, жеке бренд қалыптастыру және цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану бойынша құнды білім алып, практикалық дағдыларын жетілдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/1D1khaA15j/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/17YpcLsgzj/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1BUqu4WG5x/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/17vsSvE4Yv/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1UUJ4KnaxN/?mibextid=wwXIfr>

7-міндет. Әлеуметтік кәсіпкерлердің жобаларының жетістіктері мен маңыздылығы туралы сюжеттер дайындау, әлеуметтік желілерде жариялау (әр әлеуметтік кәсіпкерге бір сюжеттен, тоқсан сайын кемінде 3 сюжет).

1 іс-шара. Әлеуметтік кәсіпкерлердің жобаларының жетістіктері мен маңыздылығы туралы сюжеттер дайындау, әлеуметтік желілерде жариялау (әр әлеуметтік кәсіпкерге бір сюжеттен, тоқсан сайын кемінде 3 сюжет).

Жоба міндеттерінің бірі – түсірілген бейнесюжетке кемінде **12 000 қаралым** жинау болатын. Осы талапты орындау мақсатында жобаның алғашқы аптасында-ақ 12 әлеуметтік кәсіпкердің қатысуымен арнайы сюжет түсіріліп, «Адас» студиясында сапалы түрде монтаждалып жарыққа шығарылды. Нәтижесінде, жоспарланған көрсеткіштен едәуір асып түсті: бүгінгі таңда бейнесюжет **19 271 қаралым** жинады. Бұл әлеуметтік кәсіпкерлердің белсенділігі мен сюжет мазмұнының маңыздылығының дәлелі болды.

<https://www.instagram.com/reel/DO4Cqd2DWc2/?igsh=Y3h1MG1iazJxZjc0>
<https://www.instagram.com/reel/DO4C4qSDWRC/?igsh=MTZ4M2hzYnVlM3dxcw==>
<https://www.instagram.com/reel/DO5buNOjWdd/?igsh=MThoa3o4MXh1ZWY0eg==>
<https://www.instagram.com/reel/DO5hSUbJQpV/?igsh=MXdqcW5iYnAxNm9hbQ==>
<https://www.instagram.com/reel/DO508zDDcLN/?igsh=MWx0M2llamptcXJiaw==>
<https://www.instagram.com/reel/DO6MDyYjYON/?igsh=ZWxjc3o2eHF0aTFx>
<https://www.instagram.com/reel/DO8QEQXDdbTX/?igsh=OTJ2eGM2dW9rb2t6>
<https://www.instagram.com/reel/DO-O0BOjW0c/?igsh=bXA3a2N1Ymd2Nmpo>
https://www.instagram.com/reel/DO_xsQRDZrh/?igsh=eDYwbnRqdHR5N2dx
<https://www.instagram.com/reel/DPJgs2pjc6S/?igsh=MXJdDc3eHNvOW03Mw==>
<https://www.instagram.com/reel/DPOF3U9DUAA/?igsh=Mmx5cmV0MGRpZWg2>
<https://www.instagram.com/reel/DPdjAu-jbGF/?igsh=czF4YmRxaGZ6MnJy>

8-міндет. Республикалық деңгейдегі әлеуметтік кәсіпкерлердің немесе жетекшісінің қатысуымен подкаст «Астана, Алматы қалалары».

1 іс-шара. Республикалық деңгейдегі әлеуметтік кәсіпкердің немесе жетекшісінің қатысуымен подкаст (Астана, Алматы қалалары).

Жоба аясында республикалық деңгейдегі әлеуметтік кәсіпкер, Астана қаласындағы «Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының» Президенті **Пармышова Гүлмира ханымды** арнайы шақырдық. Бұл таңдаудың негізгі себебі – Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заңның қабылдануына тікелей осы қауымдастықтың бастамашы болып, белсенді атсалысуы еді. Нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесі мен қызметін реттейтін заң **2022 жылы ресми түрде қабылданды.**

Гүлмира ханым Маңғыстау өңіріне арнайы келіп, әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заңның мазмұнын, оның әлеуметтік кәсіпкерлер үшін беретін жаңа мүмкіндіктерін жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар, оның қатысуымен әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні, елдегі даму үрдісі және болашақтағы бағыттары туралы толыққанды **подкаст түсірілді.** Аталған подкаст көрермен тарапынан жоғары қызығушылыққа ие болып, **10 515 қаралым** жинады.

<https://www.facebook.com/share/v/16B5gEbeFz/?mibextid=wwXlfr>

9-міндет. Республикалық деңгейдегі әлеуметтік кәсіпкерлердің немесе жетекшісінің қатысуымен подкаст «Астана, Алматы қалалары».

1 іс-шара. 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейін 50-ге дейін кәсіпкерге консультациялық қызметтер көрсету мақсатында әлеуметтік және жұмыс істеп тұрған әлеуметтік кәсіпкерлер үшін консультациялық кеңсенің жұмысын ұйымдастыру.

Гранттық жоба басталғалы бері 85 адамға жеке консультация ұсынылды. Консультациялар барысында олардың бизнес идеялары, әлеуметтік жобалары, құжат дайындау барысы және әлеуметтік кәсіпкерлік талаптарына сәйкестігі жан-жақты қарастырылды. Нәтижесінде консультативтік қолдау алғандардың ішінен 22 адам толық іріктеліп, қажетті құжаттары дайындалды. Аталған 22 үміткерді 15 желтоқсанға дейін әлеуметтік кәсіпкерлік реестріне тіркеу жоспарлануда.

<https://www.facebook.com/share/p/1G9qhuyuW6/?mibextid=wwXlfr>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

1 іс-шара. Аталған жобаның басталуы туралы брифинг.

22 қыркүйек күні жобаның басталуы туралы брифинг өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1BfF6VX4TT/?mibextid=wwXIf>

2 іс-шара. Аталған жобаның жабылуы туралы брифинг Маңғыстау өңірлік коммуникациялар орталығында.

8 желтоқсан күні жобаның аяқталуы туралы брифинг өтті.

<https://www.facebook.com/share/r/1G7mGkk9gb/?mibextid=wwXIf>

<https://www.facebook.com/share/p/17pjHCgCdW/?mibextid=wwXIf>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

1 іс-шара. Ақпараттық жұмыс.

Жоба аясында әр іс-шарадан Instagram, Facebook парақшаларына жарияланым жасалып, ақпараттық посттар салынды. Жобаның қорытынды брифингі аясында телеарна тілшісі сұхбат алды. Жергілікті газеттерде, интернет сайттарда мақалалар жарияланды.

1. Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба нәтижесінде өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлік экожүйесін дамыту бағытында бірқатар маңызды көрсеткіштерге қол жеткізілді. Атап айтқанда:

- Өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізуе 20 жаңа әлеуметтік кәсіпкер ұсынылды. Жаңадан анықталған әлеуметтік кәсіпкерлерге жеке сүйемелдеу жүргізілді, олардың құжаттары тіркеуге дайындалып, тізімге енгізілді.

- Әлеуметтік кәсіпкерлік негіздері бойынша 250 адамға оқыту және түсіндіру шаралары өткізілді. Тыңдалушыларға әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні, заңнамалық негіздері, бизнесті әлеуметтік миссиямен ұштастыру жолдары, преференциялар мен қолдау түрлері туралы толық ақпарат берілді.
- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары арқылы жалпы 1500 адам (жанама түрде) әлеуметтік кәсіпкерліктің маңызы, оның өңірлік даму үшін мүмкіндіктері, қолжетімді мемлекеттік қолдау құралдары жөнінде хабардар болды.

Жоба нәтижелері өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін кеңейтуге, жаңа әлеуметтік бастамаларды ынталандыруға және кәсіпкерлердің осал топтарға бағытталған қызметтерін күшейтуге айтарлықтай ықпал етті.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаның негізгі бағыттары бойынша нақты фактілер мен сандық көрсеткіштер төмендегідей нәтижелермен дәлелденеді:

Өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлер санын ұлғайту мақсатына қол жеткізілді. Жоба барысында 85 адамға жеке консультация беріліп, оның ішінен 20 әлеуметтік кәсіпкердің құжаттары дайындалды. Нәтижесінде, өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде 20 жаңа әлеуметтік кәсіпкерге дейін ұлғайту бойынша құжаттары ұсынылып, тізімге енгізілді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік негіздері бойынша халықты оқыту мақсаты орындалды. Жоба аясында Астана қаласынан салалық сарапшылар шақырылып, екі ірі воркшоп ұйымдастырылды. Оқыту шараларына 100 адам офлайн форматта қатысты, ал жалпы оқу мен түсіндіру жұмыстары арқылы 250 адам әлеуметтік кәсіпкерлік туралы нақты білім алды. Бұл жоспарланған межені толық қамтиды.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тиімді іске асырылды. Әлеуметтік кәсіпкерлер туралы түсірілген 12 сюжеттің жалпы қаралымы 19 271 адамды құрады. Сонымен қатар Пармышова Гүлмира ханыммен түсірілген подкаст 10 515 қаралым жинады. Әлеуметтік желі арқылы жүргізілген ақпараттық жұмыс нәтижесінде жоба мазмұны мен әлеуметтік кәсіпкерліктің маңызы туралы 1500-ден астам адам жанама түрде ақпараттандырылды. Бұл жоспарланған көрсеткіштен жоғары.

Әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау және олардың тәжірибесін арттыру міндеті орындалды. Комиссия шешімімен 3 әлеуметтік кәсіпкер Астана қаласына тағылымдамаға жіберіліп, әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарында тәжірибе жинақтады, кәсіби кеңес алды және алған білімдері бойынша есеп тапсырды. Бұл шара олардың кәсіби деңгейін арттыруға және өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлік сапасын көтеруге ықпал етті.

Жоғарыда көрсетілген нақты деректер мен көрсеткіштер жобаның өз мақсаттарына толық жеткенін дәлелдейді. Жоба өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына, жаңа кәсіпкерлердің қалыптасуына және халықтың ақпараттануына айтарлықтай оң әсер етті.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанға дейін өңірде әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпарат жеткіліксіз болды, жаңа кәсіпкерлерді қолдау жүйесі әлсіз қалыптасқан. Жоба барысында халықтың ақпараттану деңгейі артты, әлеуметтік кәсіпкерлер жеке консультациялар мен оқыту шараларына қатысып, қажетті құжаттарын дайындап, реестрге тіркелуге мүмкіндік алды. Ақпараттық және оқыту жұмыстары әлеуметтік кәсіпкерлік проблемаларын шешуге, жаңа кәсіпкерлерді қолдауға және қоғамдағы әлеуметтік кәсіпкерлікке қызығушылықты арттыруға нақты ықпал етті.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
602	142	460

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
602	0	115	74	62	30	65	15	5	211	25

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
602	0	54	102	84	243	108	11

3. Жобаның нәтижелері:

1)көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында нысаналы топтар нақты және өлшенетін нәтижелерге қол жеткізді. Жоба аясында 20 әлеуметтік кәсіпкер оқыту және менторлық қолдаумен қамтылып, нәтижесінде, өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде 20 жаңа әлеуметтік кәсіпкерге дейін ұлғайту бойынша құжаттары ұсынылып, тізімге енгізілді.

Сонымен қатар, 250 адам әлеуметтік кәсіпкерліктің негіздері бойынша оқытылып, әлеуметтік мәселелерді кәсіпкерлік құралдар арқылы шешу мүмкіндіктері туралы білімін арттырды. Ақпараттық іс-шаралар мен жарияланымдар арқылы жоба кемінде 1 500 адамды жанама түрде қамтып, қоғамда әлеуметтік кәсіпкерліктің маңызы мен мүмкіндіктері туралы түсінікті кеңейтті.

Жоба шеңберінде 3 әлеуметтік кәсіпкер өңіраралық тағылымдамадан өтіп, үздік тәжірибелермен танысты және оларды өз қызметінде қолдану мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, республикалық деңгейдегі сарапшылардың қатысуымен өткен оқыту іс-шаралары мен воркшоптарға 100-ден астам адам, оның ішінде кемінде 10 әлеуметтік кәсіпкер қатысып, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған нақты практикалық шешімдер қалыптастырылды.

Қосымша түрде, жоба барысында 50-ге дейін әлеуметтік және жұмыс істеп тұрған әлеуметтік кәсіпкерге консультациялық қолдау көрсетіліп, олардың құқықтық, ұйымдастырушылық және басқарушылық құзыреттері нығайтылды.

2)жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жобаны іске асыру нәтижесінде өңірде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған институционалдық және адами әлеумет нығайтылды. Ұзақ мерзімді перспективада жоба әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттыруға, олардың қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және әлеуметтік мәселелерді кәсіпкерлік тетіктер арқылы шешу тәжірибесін кеңейтуге ықпал етеді.

Жоба аясында қалыптастырылған білім, дағдылар және консультациялық қолдау әлеуметтік кәсіпкерлердің экономикалық белсенділігін арттырып, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігінің жақсаруына алғышарт жасайды. Сонымен қатар, ақпараттық іс-шаралар нәтижесінде қоғамда әлеуметтік кәсіпкерліктің маңыздылығы туралы түсінік қалыптасып, осы салаға қызығушылықтың артуы күтіледі.

3)Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаны іске асыру нәтижесінде өңірде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған тұрақты негіз қалыптастырылды. Әлеуметтік кәсіпкерлер мен әлеуетті кәсіпкерлердің білім деңгейі мен құзыреттері артты, бұл әлеуметтік мәселелерді кәсіпкерлік тетіктер арқылы шешуге және жаңа бастамалардың пайда болуына ықпал етті.

Әлеуметтік тұрғыда жоба қоғамның әлеуметтік кәсіпкерлікке деген хабардарлығын арттырып, әлеуметтік белсенділіктің өсуіне әсер етті. Экономикалық тұрғыда әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санын көбейтуге, олардың қызметін заңнамалық аяда дамытуға және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін күшейтуге алғышарт жасалды.